



Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері. Сөз тіркесінің синтаксистік қатынастары

Тіл білімінің грамматика саласының бірі – **синтаксис** (грекше «**syntaxis**»). Синтаксис **сөз тіркесі, сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөйлем мүшелерін** қарастырады. Яғни **синтаксис – сөз тіркесін, сөйлемнің грамматикалық сыр-сипатын** зерттейтін ілім.

Толық мағыналы кемінде **екі сөздің тұлғалық және мағыналық** жағынан байланысқан тобы **сөз тіркесі** деп аталады. Сөз тіркесінің негізгі белгілері:

- сөздердің байланысуы **сөйлем ішінде анықталатындықтан**, сөз тіркесі **сөйлем ішінде танылады**;
- **кем дегенде екі толық мағыналы сөзден** тұрады;
- сөз тіркесінің **құрамындағы** сөздер бір-бірімен белгілі бір **грамматикалық тәсілдер арқылы** байланысады;
- сөз тіркесі қандай да бір **синтаксистік қатынасты** білдіреді.

Сөйлем ішіндегі сөздердің **әртүрлі байланысуына** қарай сөз тіркесі **еркін сөз тіркесі** және **тұрақты сөз тіркесі** болып бөлінеді. **Еркін сөз тіркесінің** құрамындағы сөздерді **өзгертіп** айтуға болады. Мысалы, **көрікті** деген сөзді бірнеше сөзбен тіркестіруге болады: **көрікті** адам, **көрікті** жігіт, **көрікті** қыз, **көрікті** табиғат, т.б. **Еркін сөз тіркесінің** құрамындағы сөздер **бағыныңқы** және **басыңқы** сыңарға бөлінеді.

Бағыныңқы сыңары Басыңқы сыңары

Жиырма оқушы
Тосыннан келген хабар
Кеше хабарласты
Саны он үш

Сөз тіркесі құрамына қарай **екіге** жіктеледі: 1) **жай** сөз тіркесі; 2) **күрделі** сөз тіркесі.

Синтаксистік жай тіркес	Синтаксистік күрделі тіркес
Үйде қалды, әдемі қыз, гүлді суару, үйдің есігі, қызыл түлкі, орындалған арман, ақ көйлек, гүрілдеген трактор, кенеттен тоқтау, сөйленген сөз, сарғыш гүл, өнерлі бала, қуанышты хабар, сыпайы мінез.	Телефон арқылы сөйлестім, ит өлген жерден келді, асығып-үсігіп шыға жөнелу, көпір арқылы өтті, сары ала қаз, үйден кетіп қалды, кешке қарай келді, жиырма екі үй, күлімсірей қараған баланың күлкісі

Жай сөз тіркесінің құрамы **екі сөзден** ғана құралады. Мысалы, **орманды өлке, әдепті оқушы, асыққан жолаушы, екеуі кездесті, түсі қара, таулы өңір, тастақ жер, көпірден өту, әңгімелескен адам**, т.б.

Күрделі сөз тіркесі **үш** немесе **одан да көп сөзден** құралады. Мысалы, **әдепті оқушының мінезі, орманды өлкені аралау, асыққан жолаушыға жол көрсету, кездейсоқ кездескен екі достың әңгімесі, қара түсті ат мінген жолаушы, гүлге оранған өлке**,

тасыр-тұсыр шапқан ат, т.б.

Тұрақты сөз тіркесі – **екі** немесе **одан да көп сөздің бастапқы мағынасы ескерілмей, бір ұғым ретінде қолданылып, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы.**

Тұрақты сөз тіркесі

Ағаш атқа мінгізді (қайтті?) Ағаштан түйін түйген (қандай?)
Әліпті таяқ деп білмейді (қайтпейді?)
Басқан ізін білдірмеді (қайтпеді?)
Беті бүлк етпеді (қайтпеді?)
Гүлдей солды (қайтті?)
Дамыл таппады (қайтпеді?)
Екі аяғын бір етікке тықты (қайтті?)
Жаны ашыды (қайтті?)
Зәресі зәр түбіне кетті (қайтті?)
Иманын ұшырды (қайтті?)

Білдіретін мағынасы

Сөз қылды, келеке қылды.
Аса шебер, өте өнерлі
Хат танымайды, сауатсыз (қандай?)

Істегенін сездірмеді (не істеді?)
Ұялмады, қысылмады
Сары уайымға салынды
Тыныштық көрмеді, демалмады
Састырды
Аяды, есіркеді, мүсіркеді
Қатты қорықты, үрейі ұшты
Қорқытты, үрейін алды

Тұрақты тіркестер **өз алдына сөз тіркесі бола алмайды**, тек сөз тіркесінің **бір сыңары** болады. Мысалы, әкесіне **тіл тигізу - не істеу?** деген **бір сұраққа жауап** береді, **бір ғана ұғым атауы** болады.

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздің екінші **басыңқы** сыңары **зат есім, сын есім, сан есім, есімдік** болса, ол **есімді сөз тіркесі** деп аталады, **басыңқы** сыңары **етістік** болса, **етістікті сөз тіркесі** болады.

Есімді сөз тіркесі

Тұрғын үй, орындалған арман, балаға мейірімді, көп қабатты үй, жүгіріп келген бала, арқылы сөйлесу, ерінбей еңбектену, ауланы өнегелі өмір.

Етістікті сөз тіркесі

Үйге келу, жиналысқа қатысу, телефон тазалау, т.б.

Сөз тіркесі болу үшін сөздер **белгілі заңдылықпен** байланысады. Сөздер бір-бірімен **төрт тәсіл** арқылы байланысады: 1) **жалғау** арқылы; 2) **шылау** арқылы; 3) **орын тәртібі** арқылы; 4) **интонация** арқылы.

Сөздердің **септік, жіктік, тәуелдік** жалғаулары арқылы байланысуы **жалғау арқылы байланысу** деп аталады. Мысалы, достардың кеңесі, мектепке келу, ата-ананы құрметтеу, кітапта жазылған, апасынан сұрау, үлкендермен ақылдасу, біз дайындаламыз.

Сөздер **шылау** арқылы да байланысады. Мысалы, досым үшін ұялдым, күн сайын жаттықты, ата-анасымен бірге барды, сабақтан кейін дайындалды, гүл мен жапырақ, қалам және қарындаш, т.б.

Сөздер бір-бірімен **орын тәртібі** арқылы байланысады. Мысалы, **ашық мінез, жапырақты ағаш, өнегелі өмір, берілген тапсырма, жылы жаңбыр, биік мақсат, аталы сөз, кәсіби шеберлік**, т.б.

Сөздер **интонация** арқылы да байланысады. Мысалы, **Абай - ақын, Сәбит - жазушы, мектеп - кеме, білім - теңіз**, т.б.

Қазақ тіліндегі сөздердің байланысуының **бес түрі** бар: 1) **қиысу**;

2) матасу; 3) меңгеру; 4) қабысу; 5) жанасу.

Қиысу – сөз бен сөздің **жіктік жалғауы** арқылы немесе **жіктелу** ретімен **бастауыштық** және **баяндауыштық қатынаста жақ жағынан үйлесе** байланысқан түрі. Мысалы, **Мен оқимын (I ж.), сен оқисың (II ж.), олар келеді (III ж.), біз дайындаламыз (I ж.).**

Матасу – сөз бен сөздің **ілік септік жалғауы** мен **тәуелдік жалғауы** арқылы байланысуы. Мысалы, **Алматтың үйі, ағаштың бұтағы, менің жолдасым**, т.б.

Меңгеру – сөз бен сөздің **барыс, табыс, жатыс, шығыс** және **көмектес септік жалғаулары** арқылы байланысқан түрі. Мысалы, **балаға мейірімді, үзілісті күту, тауда жолығу, мектептен келу, еңбекпен табу**, т.б.

Қабысу – сөз бен сөздің **ешбір жалғаусыз**, тек **орын тәртібі** арқылы **іргелес** байланысқан түрі. Мысалы, **кең бөлме, орындалған арман, тоғызыншы сынып, үйдегі қызық оқиға**, т.б.

Жанасу – сөз бен сөздің **ешбір жалғаусыз**, кейде **алшақ** кейде **іргелес** тұрып байланысуы. Мысалы, **телефон арқылы сөйлесу, үйге дейін бару, әдейі келу**.

Сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөз басыңқы сөзбен қарым-қатынасқа түскенде, бір жағынан, сол тіркеске тән **лексика-грамматикалық** мағына да пайда болады. Сөз тіркесіндегі грамматикалық мағына бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің арасындағы **үш қатынастан** пайда болады. Олар: **анықтауыштық** қатынас, **толықтауыштық** қатынас және **пысықтауыштық** қатынас.

1. Анықтауыштық қатынас **матаса, қабыса** байланысқан есімді тіркестерге тән. **Бесінші сынып, алтын сақина, менің інім, біздің қала, орындалған арман.** Анықтауыштық қатынас **басыңқы** сөзден **бағыныңқы** сөзге **қандай? қай? кімнің? ненің? қандай? қанша? неше? нешінші?** деген сұраулар қою арқылы анықталады.

Анықтауыштық қатынастағы лексика-грамматикалық мағына бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздің лексикалық ерекшеліктеріне сәйкес даралық, нақтылық сипат алады. **Матасу** байланысындағы сөз тіркесі мынадай **лексика-грамматикалық** мағыналарға ие. **Менің киімім** – затқа меншіктілік, **Тілектің әпкесі** – туыстық, **үйдің терезесі** – бүтіннің бөлшекке қатынасы.

Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің беретін **лексика-грамматикалық** мағыналары: **салқын жел** – табиғи күй, **ақ қар, көк шөп, қызыл гүл** – заттың түсі, **тәтті тамақ, ащы сорпа** – тамақтың дәмі.

Бұл тіркестегі сөздердің бәрі **сын есім** болып, заттың әртүрлі **сынын** білдіруі олардың **грамматикалық** мағынасы болса, әр сөздің өзіне тән мағынасы **лексикалық** мағына болады. Сол лексикалық мағыналары арқылы бағыныңқы сөз басыңқы сөздің **белгілерін, қасиеттерін даралайды**, нақты сипат береді.

2. Толықтауыштық қатынас **меңгеру** байланысындағы **есімді** және **етістікті** тіркестерге тән. **Басыңқы** сөзден **бағыныңқы** сөзге **кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?** деген сұрау қою арқылы анықталады, бағыныңқы сыңары басыңқы сыңардың тура я жанама объектісін, я сол объектіге қатысын білдіріп тұрады. Мысалы, **тазалықты сүю, ойларын білдіру, жиналысты басқару, сөзге жауап қату**.

3. Пысықтауыштық қатынас **меңгеру, қабысу** және **жанасу** байланысындағы **етістікті** тіркестерге тән. Сұрақтары: **қайда? қайдан? қашан? қайтіп? қалай? не мақсатпен? не үшін?**

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері мынадай **лексика-грамматикалық** мағынада жұмсалады: істің **мезгілі, мекені, қимыл-сыны, мақсаты, себебі**. Мысалы, **оқу үшін келді, әдейі барды, жалтақтап қарау, биыл ашылмақшы, жалп етіп құлау**.

Синтаксистік қатынастың түрлері	Байланысу түрлері	Сұрақтары	Мысалдар
Анықтауыштық қатынас	Матасу, қабысу	Кімнің? Ненің? Қандай? Қай? Қанша? Неше? Нешінші?	Адамның өмірі, екінші мамандық, уылжыған жүзім, шеткі үй.
Толықтауыштық қатынас	Меңгеру	Кімге? Неге? Кімді? Нені? Кімде? Неде? Кімнен? Неден? Кіммен? Немен?	Балаға мейірімді, жұмысты жандандыру, үзілісті күту, адамды сыйлау, ата-анасымен ақылдасу.
Пысықтауыштық қатынас	Меңгеру, қабысу, жанасу	Қашан? Қайдан? Қайда? Қалай? Не үшін? Не себепті? Не мақсатпен?	Кештете келді, бүгін келді, былтыр ғана жеңіп ем, қасақана кешікті, оқу үшін келді, т.б.